

"Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 101 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XI сессиясының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 69 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 желтоқсанда № 1749 болып тіркелді

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 101 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1378 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қосымшада:

теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесінде реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Қазыбек бек – Алматы 2 – Қазыбек бек
----	--------------------------------------

".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев